

Қазығұрт ауданының мәслихаты

Түркістан облысы Қазығұрт  
аудандық мәслихатының 2019  
жылғы 26 қыркүйектегі № 48/301-  
VI шешімі. Түркістан облысының  
Әділет департаментінде 2019  
жылғы 2 қазанда № 5188 болып  
тіркелді

Маслихат Казыгуртского района

**Қазығұрт аудандық мәслихатының 2017 жылғы 07 сәуірдегі № 14/84-VI  
«Қазығұрт ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен  
тәртібін айқындау туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2017 жылғы 07 сәуірдегі №14/84-VI «Қазығұрт ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4075 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. «Қазығұрт аудандық маслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қазығұрт аудандық мәслихатының интернет –ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.



**Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы**

**Е.Аманкулов**

**Аудандық мәслихат хатшысы**

**У.Копеев**